

УДК 541.18

## Қашықтықтан оқытуда студенттердің танымдық іс-әрекеттерін қалыптастырудың теориялық негіздері

Жайлаубаев Нуралы Мусирович, Амиров Манат Мустафаевич,  
Бекназарова Раушан Кадырбековна, Колбоев Болат Рахметович  
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**Резюме.** В данной статье теоретически анализируются способы и приёмы усовершенствования конструирования электронного и дистанционного обучения студентов. Акцентируется внимание на том, что дистанционное обучение является идеальным средством в контексте ресурсно-ориентированного обучения дисциплин компьютерного цикла. Правила усовершенствования конструирования и создания электронного и дистанционного обучения по отдельным логически завершённым частям и элементам с определением их организационно-педагогического и дидактического назначения; наполнения составных частей и их элементов учебно-познавательной, операционно-деятельностной информацией.

## Theoretical foundations of the formation of cognitive activities of students in distance learning

Zhailaubaev Nuraly Musyrovich, Amirov Manat Mustafaevich,  
Beknazarova Raushan Kadyrbekovna, Kolboev Bolat Rahmetovich  
South Kazakhstan University named after M. Auezova, Shymkent, Kazakhstan

**Abstract.** This article theoretically analyzes the ways and techniques of improving the design of electronic and distance learning for students. Attention is focused on the fact that distance learning is an ideal tool in the context of resource-oriented training of computer-based disciplines. Rules improving the design and creation of electronic and distance learning for individual logically completed parts and elements with the definition of their organizational, pedagogical and didactic purpose; filling the components and their elements with educational and cognitive, operational and activity information.

Қашықтықтан оқыту - адамның білім алуына және өзіне қажетті ақпараттарды әртүрлі білім көздерінен іздестіруге деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі. Қашықтықтан білім беру жүйесі адамның өндірістен қол үзбей жоғары білім алуына, Қазақстан азаматтарының шетелдерде, ал шет ел азаматтарының елімізде білім алуына, сондай-ақ, халықаралық білім беру кеңістігінде ғылыми атақтарды алуына мүмкіндік береді. Білім беру процесі студент пен оқытушы, оқытудың мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері, құралдары мен оқыту түрлерінен тұратын біртұтас педагогикалық жүйе түрінде қарастырылатыны белгілі.

Оқытудың мазмұнын әлеуметтік сұраныстың педагогикалық моделі түрінде анықтауға болады. Оқыту процесі, әдістері мен ұйымдастыру түрлері оқыту мазмұнына тәуелді. Көбінесе елдің әр түрлі аймақтарынан, ал кейде әлемнің әр түрлі елдерінен жиналған студенттерді бір ұжымға біріктіретін телекоммуникациялық жобаларды пайдалануда осы әдісті қолдану едәуір дәрежеде артуда. Студенттер Интернеттің ғаламдық желісі арқылы әлемнің барлық түпкірлеріндегі әртүрлі ақпараттық деректер қорына қол жеткізе алады.

Қашықтықтан оқытуда оқытушының алатын орны ерекше. Оқытушыны қашықтықтан оқыту жүйесінде «тьютор» деп атау қалыптасқан. Тьютордың негізгі қызметі тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын басқару, яғни пәнге деген қызығушылықты ояту;

тыңдаушы алдына қол жеткізілетін мақсат пен шешілуі тиіс мәселені қоя білу; өз білімі мен тәжірибесін бере білу; ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді орындау; тыңдаушылар арасындағы әрекеттестікті ұйымдастыру; оқыту процесін қадағалау функцияларын орындау болып табылады. Басқаша айтқанда, тьютор оқыту процесінде бірнеше функцияларды кешенді түрде жүзеге асырады: жоғары оқу орындары мен тыңдаушылар арасында хабарлама алмасуды жүзеге асырады; оқу жұмыстарының кестесіне сай орындалуын қадағалайды; оқытушылардың кеңес беруін ұйымдастырады; жекеленген курстың мазмұны мен берілу формасы туралы тыңдаушы ойын анықтап, оны оқу-әдістемелік материалды құрастырушы маманға жеткізеді; студентке дербес оқу жоспарын құруға көмектеседі. Осындай көлемді жұмыстарды орындау қызметтерін кейбір елдерде оқытушы - оқу-әдістемелік материалдарды құрастырушы; оқыту әдістері бойынша кеңесші; оқу курстарын интерактивті түрде жеткізетін маман; бақылау әдістері мен оқыту нәтижесін қадағалаушы маман деген түрлерге бөледі.

Қашықтықтан оқытудағы оқытушылар және осы жүйедегі басқа да мүдделі адамдарға мына төмендегідей міндеттер жүктеледі:

- оқытушының компьютерлік сауатының жоғары болуын қамтамасыз ету;

- қашықтықтан оқытудағы алда тұрған мақсаттар мен міндеттер, оның алдағы уақытта ақпараттық

технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы түсіндіруі;

- қашықтықтан оқыту технологиясымен таныс болуы; оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс-жүзінде дағдылануы;

- оқытушының жекеленген курс бойынша ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге дағдылануы, оның кеңес берудегі, студенттермен сұхбат өткізудегі, ақпарат жөнелтудегі, яғни оқу процесі ақпараттарымен жұмыс жасау мен оларды тіркеуді ұйымдастыра білу мүмкіндігі;

- тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға (жүйедегі мәліметтер базасын) дағдылауын қалыптастыруы;

- оқу процесін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау;

- оқытушының ролін ашық, икемді болып келетін қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу процесіндегі үйлестіруші деп қабылдау.

Қашықтықтан оқытын студенттің алған білімдері оның ішкі жан дүниесі мен ақыл-ойының дамуына, жеке тұлғалық сапаларының дамуына әсер етеді. Сондықтан студенттердің алған білімдерін, қорытынды нәтижелерді сырттан бақылау жүйесі олардың дамуын, білімінің артуын үздіксіз диагностикалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Оқыту нәтижелерін бағалау студенттің курсты игерудің басындағы және соңында жағындағы орындалған жұмыстарына сай кемінде екі көрсеткіштерді салыстыру жолымен жүргізіледі.

Оқыту мен оқып-үйрену арасы дидактикалық қатынасқа негізделетіндігін және дидактикалық процесті іс-әрекет тұрғысынан қарастыра отырып, оны студент мен оқытушының бірлескен іс-әрекеті түрінде біртұтас жүйе етіп қарастыру керек.

Оқыту тәсілдерінің ішінен қашықтықтан оқыту жүйесінде жиі қолданылатын түрлері: демонстрация, иллюстрация, түсіндіру, әңгімелеу, тапсырмаларды орындау, есептер шығару, жазба жұмыстары, қайталау.

Қашықтықтан оқыту процесінің ақпараттық-техникалық жабдықталуы маңызды мәселенің бірі. Ол техникалық тұрғыда негізінен телекоммуникациялық технологиялар көмегімен шешілсе, бағдарламалық тұрғыда веб-сайттар мен электронды оқулықтардың болуын талап етеді. Осыған байланысты Oracle, Sun Microsystems корпорациялары қашықтықтан оқытуды электрондық оқулықтармен, бағдарламалармен, ақпараттық жүйелермен қамтамасыз етуде әлемдік деңгейден көрінуде.

Осыны басшылыққа ала отырып қашықтықтан оқыту технологиясы үшін :

1. Білім беруде нысанға жетуге арналған педагогикалық іс-әрекеттің анықталған әдісі.

2. Әдістеменің түйіні іс-әрекет процедурасын рационалды жіктеп, оны ары қарай координациялау мен синхронизациялауды кезеңдерге бөлу.

#### Әдебиеттер:

1. Левин В.И. Новые компьютерные технологии обучения. – Пенза: 1998. – 168с.
2. Хуторской А.В. Понятия и принципы дистанционной педагогики // Школа-2000. Концепции, методики, эксперимент / Под ред. Дика Ю.И., Хуторского А.В. – М, 1999. – 280с.

3. Ғылыми білімді алдын-ала саналы және жоспарлы түрде реттеу, осымен сабақтас ғылымдардың алдығы қатарлы тәжірибелерін қолдану.

Қашықтықтан білім беру технологияларының басты қызметі - болжау, негізгі іс-әрекетінің бірі жобалау (өйткені ол жалпы нысандар мен нәтижелерді жоспарлаумен, негізгі кезеңдерді көрсетумен сипатталады, білім-тәрбие беру) процесінде кәсіби құзыретті мамандар дайындау, танымдық іс-әрекеттері негізінде интеллектісін қалыптастыру. Өз кезегінде қашықтықтан білім беру технологиялары нақты пәннен тәуелсіз, оқу-тәрбиелік процесте игерілетін заңдылықтарға тәуелді. Бұдан басқа қашықтықтан оқыту технологиялары ғылым мен іс-тәжірибенің басқа саласынан да әртүрлі арнайы технологияларды қамтиды (ғылыми ақпараттық технологиялар, өндірістік, электрондық және т.б.)

Қашықтықтан оқыту технологиясы арқылы пән мазмұны игеріледі, педагогикалық үрдіс мақсаттары жүзеге асырылады. Студенттердің танымдық іс-әрекеттерінің құрамы, құрылымы және дамуы реттеледі. Басқа сөзбен айтқанда, білім беру технологиясының қашықтықтан оқыту кезеңінде оқытушылар мен студенттердің іс-әрекеттері жүйеленеді.

Қашықтықтан оқытудың әдістемелік құралдарында қолданылатын оқу материалдары көрнекі, түсінікті болу үшін анимациялық қимыл-қозғалыс эффектілері қосылады. Анимациялық әсерлер түрлі өзгермеліліктерді сипаттау, үрдістердің өтуін демонстрациялау тәрізді маңызды мәселелерде қолданыс табады. Міне осы мәселелер компьютерлік технология мүмкіндіктерін қолданып орындалады. Мұндай жұмыстарды орындауда компьютерлік технологиялардың ішінде Flash-анимациялардың алатын орны ерекше.

Сондықтан да студенттердің танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруда Macromedia Flash технологиясын пайдалану маңызды деп есептейміз.

Flash технологиясы Flash Shockwave (SWF) форматты векторлық графиканы қолдануға негізделген. Интерактивті мультимедиялық программалар жасау мүмкіндігі Web-дизайнерлер арасында SWF форматының танымдылығының тез өсуіне көмектесті. Мұндағы аспаптардың бір бөлігі мультимедиялық презентациялар (Macromedia Director Shockwave Studio) құруға бағытталған болса, басқалары графикалық бейнелер (Macromedia FreeHand және Macromedia Fireworks) дайындауға арналған, ал үшінші бір бөлігі интерактивті оқыту курсы (Macromedia uthorware және Macromedia CourseBulider) жасауды қамтамасыз етеді. Сондықтан да қазіргі кезде Web-публикация өндірушілері арасында Macromedia Flash басым қолданысқа ие.

3. Бурибаев Б., Дүзбаева Р., Кубентаева С. Проблемы личностно-ориентированного автоматизированного обучения и воспитания // Журнал Поиск., Алматы, -2000. № 4-5. - С.151-154.
4. Джусубалиева Д.М. Теоретические основы формирования информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения: Дис... д.п.н.: - Алматы, 1997.-300с.
5. С.Ж.Пірәлиев, Л.К.Керімов. Таным және студент. Алматы: Санат, 2007.- 208 бет.

**References:**

1. Levin V. I. new computer technologies of training. - Penza: 1998. - 168p.
2. Khutorskoy A.V. the concept and principles of distance pedagogy // School-2000. Concepts, methods, experiments / Ed. Dika Yu. I., Khutor A.V. Moscow, 1999.- 280p.
3. Buribaev B., Duzbayeva R., Kubentaeva S. problems of personality-oriented automated training and Recreation // Journal Search. , Almaty, -2000. No. 4-5. - Pp. 151-154.
4. Jusubaliev D. M. theoretical foundations of the formation of Information Culture of students under the conditions of distance learning: Dis. .. D. P. N.: - Almaty, 1997. - 300p.
5. Praliyev S. Zh., Kerimov L. K. Knowledge and student. Almaty: Sanat, 2007.-208p.